

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 881 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.21 № 148 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Шетел азаматтарының паспорттарын тіркеу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 4, 55-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібінде:

1 1 - 1 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац алынып тасталсын;

бесінші абзац "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін " дипломаттық, қызметтік және инвесторлық" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ішкі істер органдарында осы Тәртіптің 15-тармағының бесінші абзацында және 16-тармағында көрсетілмеген шетелдік азаматтардың п а с п о р т т а р ы т і р к е л е д і .

Ішкі істер органдарымен келісім бойынша шетелдік азаматтардың паспорттарын тіркеу Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері, тіркеу құқығы берілген қонақ үйлер арқылы жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерінде, Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және қонақ үйлерде шетелдік азаматтардың паспорттарын тіркеу туралы ақпарат тіркелген күнінен бастап бес тәулік ішінде ішкі істер

органдарына хабарланады".

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуіне, оларда үшінші елге кіру үшін жарамды құжаттар (визалар) болған жағдайда, бес тәуліктен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі."

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Кедендік бақылау агенттігі және Көлік және коммуникациялар министрлігі ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі